

## «Жер бетінде Күн және жел энергиясын пайдалану» жобасы

2023-2024 оқу жылындағы жүргізіліп жатқан қалалық жобалар туралы мектебімізде «Біздің мектептегі жобалар» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Қымбат емес және таза энергия» тұрақты дамудың №7 мақсаты негізінде «Жер бетінде Күн және жел энергиясын пайдалану» тақырыбындағы жоба жүргізілді. Мектебіміздің білім алушылары оқу жылы барысында жасалған эксперименттік жұмыстарында Күн сәулесі энергиясын күнделікті тұрмыста қолданудың үлгісін көрсету және энергияның негізі көздерімен қатар, қайта толығып отыратын жел энергиясын кеңірек қолдану қазіргі заманды электр энергиясынсыз елестету мүмкін еместігін көрсетті. Сол себепті де, электр энергиясын алудың экологиялық таза көзі Күн және жел энергиясын тиімді пайдалану әдістері мен фотоэлектрондық түрлендіргішті құрастыру және орнатудың тиімді жолдарын көрсете отырып, тәжірибе барысында өзіндік көзқарасы мен жаңашыл электр энергиясын үнемдейтін жоба ұсынды.



